


ДАҚ МЕДАКЕН

ISSN 0234 — 6818

№ 6 маусым 1997



N138 қазақ –
Гуманитарлық – өнер
лицейінің оқушысы
Шыңғыс Текеев

"ҚАРДИСТАН" ИМП.

ЖЕСІЛДІРДІ ЖЕСІЛДЕСКЕДІ?

(Повестен үзінді)

— А-п-а!.. Апа!..

Қатты шошып оянған ол көзін аша алмай, басын жастықтың астына жасырды. Құрық бойы көтерілген Күннің еткір сыйыңқ сәулесі шекесін тесіп жібергендей. Пора-пора қара суға шомылып жатыр екен. Самайынан сорғалаган бұршақ-бұршақтер аузына да тамғанған ұқсайды. Тілінің ұшы кермек татиды. Пенде шіркінді қойсаши, әйтеүір. Жаңағана құлындағы даусы шыға айғайлап түрегелген Саят қарқылдан күлді. Жүргегі жарылардай қуанған. «Түсім болғаны қандай жақсы?!» «Шошқалық» көлдің түбіне батып бара жатыр екенмін. Қарманған қолыма бірдене ілінсейші. Ербексербек дәрменсіз күйде шыңғырып жібергенмін гой. Жағада безектеген әжеме қолымды созамын. О кісі не істесін, ағыл-тегіл жылап түр. «Көз алдында суға кеткенің бе, құлыным! Экене не айтайын...»

— О, ботам, тұрдың ба? Ұйқын қанған шығар. — Ту сыртынан естілген әжесінің үні жайдары да жарқын. — Ауылдың аты — ауыл. Неткен рахат! «Ың» еткен дыбыс жоқ. Байқайсың ба, балам? Кәне, құдықтың мұздай сұйна жуына ғер. Серігі қаласың. Өй, Саятжан көзің домбырып ісіп кетіп. Қөп ұйықтағандайкі ме? Жоқ, әлде жылағансың ба? Екі көзінің бірдей қызырып түр гой.

— Иә. Түсімде қорқып жыладым, — деді Саят.

— Е, е... Өніңде қуанасың, құлыным, — деді Торғын шеше.

Қөнілі бірлеген Саят ылдымжылдың қозғалған күй сонадайдағы белтемірге барып тартылды. Әп дегенде алақаны тершіл қоя берді. Бұжыр-бұжыр тottанған шомбал білік темірді екі бұтақтың арасына ілдәлдәлап бекіткен еді кеше Айдың жарығымен. Ол қос алақанын топыраққа батырып «жұып» алып қайтадан тартыла бастады. «Бір... екі... үш... он... жиырма...»

Қанша ұзақ тартылғысы келгенімен қолының қары тала берген-нен соң ол екі сирағын балтывынан ішіп басын төмен салбыратып, қолын беліне таянып ерсілі-қарсылы тен-сeldі. Өзіне-өзі риза. «Ұмытпаған екенмін». Іле-шала алақанын сарт-сарт еткізе шапалақтады да мықтап ұстаган бетте басын аяқтарының арасынан еткізе арқасымен шыркебелек айналды. Және бір мәрте қайталаған Саят қатты серпіліп барып, екі-үш метрдей жерге барысша атылып түсken. Турникте осылай-

ша Құн жасауды былтыр Төлеген ағайдан үйренген-ди. Алғашқыда жүрексініп, үрейленгені рас. Намысын жаңыған мұғалім ағайдың сөзі әлі есінде. «Жігіт емессің бе? Қорықпау керек. Қазірден бастап үйреніп алсаңдар, кейін әскерге барғанда өздерін қиналмайсыңдар...» Спортыш мұғалімді «Көпбірліктері» Рахила тәтесінің үйіне әжесімен қыдырып барғанда ең алғаш рет көрген еди.

Мектеп ауласындағы алаңға орнатылған биік темір турникті дөңгелектене қоршап алған бір топ бала белтемірде үршықша ойнаған адамның өнерін тамсана тамашалада. Самайын тұстастай ақ шалған, бүлшық еттері бүлт-бүлт еткен, сырт қозғалығын жігіттей көрінгенімен әжептәуір жасқа келген үлкен кісінің әуеде көгершіндегі қалықтап, жерге түспей неше алуан түрлі өнер көрсетуі Саятты да қайран қалдырыған. «Сиқыршыдан кем емес-ау! Тура өзі дерсің!..»

Денесін емін-еркін ұстаган шынымшы спортышының, жоқ сиқыршының көз ілеспес жылдамдықпен біресе алдына қарай, енді бірде шалт қымылдан, керісінше шыркебелек айналғанын қайтерсің! Жалт-жүлт еткен жылтыр жұмыр темірдің үстіне қас-қағылда аяғының ұшымен тік түрып қалып, ілкі сәтте қайтадан төмен құлдилаган күй аспалы білекке байланып қалғандай жалғыз қолына сүйеніп, онға-солға бұралып бұранда жаттығуын көрсеткен. Солқ-солқ қозғалған турник мұғалім ағайдың салмағын көтере алмай майысып кетердей. Тіпті, әлгінде бірін-бірі сыйырлап, мәз болған балалар оның, әр қымыл-қозғалысын демдерін іштеріне тартып, кірпік қақпай қадағалаған. Сөйткенде қаз-қатар тізіле тұра қалған бойшаш төрт-бес жігіттің үстінен секірген спортшы ағай қос қолын жая сонадайға «дік» ете тусти. Сонда барып балалар алақандарын шапалақтап, шулап қоя берді. Жанары жәудіреп, аузы аңырған Саяттың құлағына Рахила тәтесінің ұлы Жемісбек сыйырлаған:

— Қалай, ә!? Біздің Саусақбаев ағай құшті ме екен!..

— Керемет! — Саят таңдағын қақты. — Былтыр біздің Талдықорғанға Алматыдан цирк келген боллатын. Сондағы аспалы турникте өнер көрсеткен жап-жас жігіттерден де артық. Өзі үлкен кісі гой.

— Иә. Біздің ағай мықты. — Жемісбек бас бармағын көрсетті.

...Сол күннен бастап бейтансыс мұғалімге еліктеген Саят түрнікте шама-шарқынша түрлі жаттығулар үйрене бастаған-ды. Соның бірін қинала-қинала әрең жасаған ол буын-буыны қалтырап, секірген жерінде ұзақ отырып қалды.

«Жаз бойы жалықпай жаттығым керек... Өскенде мен де Төлеген ағайдай боламын...»

Бұл — оның ойы әрі серті еді.

Тершіген бет-аузын салқын суға көміп-көміп жуған Саят көктен түскендей, төңірігіне таңырқай көз жүгіртті. «Бағанадан бері неғып байқамағанмын, ә! Бүкіл ауланы, тіпті, иесіз құлап қалған көрші Шалбай атамыңың үйінің маңайын да су сеүіп, мұнтаздай сыйрып қойыпты. Соңда апам түнімен үйшітамаған ба? Енді қараңыз, қарсы беттегі жартыкеш боп қалқып тұрган Төлеу ағайдың ескі тамының маңайын тазалап жүр. Бұл неғылған әдет. Ой-пұрмай десенші, өз ауламызды тазалап сыйрып қойсақ та жетпей ме, осы. Өй, апам бәрібір тыңдамайды...»

— Элгі дырылдағы жүріп тұрса жетіп-ақ келер, құлындарым. Емін-еркін шапқылап бір ойнасын таза жерде.

— Апа, жалғыздан-жалғыз кімге сөйлеп жүргіз?

— Кімге сөйлеуші ем, сенен басқа. Кішкентай ақылшым менің. Өздері кешікті ғой.


— Кімдерді айтасыз, апа? Рахила тәтемнің балалары ма? — Саяттың жүзі бал-бұл жайнап, көздері күлімдеп, үні қуанышты естілді. — Эн-е-е, әже қарлығашты көрдіңіз бе? Есіктің саңылауынан аузығы бөлмеге кіріп-шығып жүр дамылсыз. Есік ұясын жөндеуге кірікен секілді.

— Соңғы жылдарды қарлығаш та азайып бара ма деймін, осы. Ауыл аспанында керілген сым темірлерде жыптырлап тізіліп отыратын қасиетті қанаттылар да елмен бірге көшіп кеткен-ау! Бұ шіркін де құлазыған жүрттың сыйкытыс сиқын сезетін шығар. Мына сиңар қарлығаш сол былтыр осында ұя салған қарлығашың боп жүрмесін...

— Апа, қараңызшы, әне маңдайшада отыр.

— Эй, балам-ай, қызықсың! Мен сенің қарлығаштарыңа ен салып қойды дейсің бе?! Өй, жалғыз емес, екеу ғой. Байқадың ба, күнім. Сүйікті мекенине, ыстық ұясына қарлығаштарың да оралды. Қүсекеш құс та ескен ортасын қимайды. Көрдің бе, ботам, соны билгейсің әмнәнда!

Жатса-тұрса ұдайы аузынан тастамайтын әжесінің бұл жолғы сөзі әдettегіден гөрі жып-жылы естіл-



ген. Сөзінің соңын жұтып қойған кейуананың кәрі жүргегі де езіліп, артынша болар-болмас тулағандай еді. Апасының шүнгірейген мұнды жанары мен ақ бәтестей онған болбоз өнімен бар жайды айтқызбай-ақ үкіқан Саят:

— Қарлығашым, келдің бе? — деді ішінен.

— Тәтемді түсінбеймін. Аунапқунап бірер күн дамылдап алмай ма? Иесіз үйде шайын қайнатып, көрпесін төсеп отырған біреу-міреу болса бір сәрі. О несі, ауылға келіп тұрып өз қызының үйіне бас сұқпай. Естіген көрші-қолаңдан ұттаған бәрінен бұрын. Мына қаран қалғырыңың, жөндөлетін түрі бар ма?..

Аяқ астынан нілдей бұзылған Раҳила есік алдында ұш аяқ мотоциклін шұқылап әбден әбігерге түскен ұлының қасына жақындал, шашылып жатқан темір-терсектерге тесіле үңілді. Күн үзакқа екі қолы май-май болып мықшындаған Жемісбек үн-тұнсіз әлдекандай тетікті бензин құйылған шелекке батырып жаға бастады. Анасының мінезіне қанық ол ләм-мим жақ ашпаған күйі пысылдап кәсібін жасай берген. Экесі көз жұмған айналасы екі-ұш жылдың ішінде шешесінің мінезд-құлқы мұлдем өзгеріп кеткенін жақсы сезеді. Ашуланышақ, не болса соған қүнгелектеніп шыға келеді. Күн өткен сайын көз алдында құбылып, тіпті қияли, жүйесі тозған жанға көбірек үқсанап бара жатқандай. Жапжас анасының аз уақытта мойылдай қара шашы да ағарып кетті емес?

Ерте есейген ол: «Шиеттей бес баламен жесір қалу кімге женилдерсін? Тағдырдың беймезгіл «сыйын» анамның күтпегені шын, сондықтан жалғыздықты көтере алмай жүр-ау. Әйтпесе, мұндай тосын қылышын бұрын байқасақшы. «Жынды» деуге аузым бармайды-ау, бармайды. Міне, тағы да өз-өзінен шәт-шәлекей шығып бүкіл ауланы басына көтерген. Әп-әдемі әңгімелесіп-ак отырған еді әлгінде. Үнде-мей құтылайын, әйтеүр...»

— Әкенің көзі ғой бұ дырылдақ та. Ұқыпта, дұрыстап мін-сөндерші. Жөндөлмесе апарып орнына қоя сал, — деді сабасына түскен аласы, байсалды қалпы. — Ыстықта текке қиналма, мен қазір барып Отарбай атаңын ат арбасын сұрайын. Оның үстіне бәріміз бірдей жетіп алайық шаршамай...

— Мейлі, — деді Жемісбек. — Әжем де шыдамы таусылып отырған болар.

Әншнейіндегі мұнды жанарлары лезде нұрлаңып шыға келген Раҳила:

— Ұлым, сен білесің бе, мен де анамды сағындым, — деді күлімдеп. — ?

Сағыныш сазы жүректер лүпіліне айналып жатқандай...

Көңіл пернесін дөп басар бір нәзік сәуле... Көп ретте жандуниемізben терең үғына бермейміз-ау. Әйтпесе...

Әбден қалжырап сәкідегі төсенишке қисайған бойы кірпігі ілініп кеткен Торғын дабыр-дубірден басын жұлып алды. Есік қораның шенгел қоршауына бас тіреген арбадан шуылдай түскен қара домалақтар бірін-бірі тартқылап, таласатармаса жарыса құшақтап сүйіп жатыр.

— Эже... Э-ж-е...

— Менің әжем!

— Амансыз ба, апа...

— Эже деймін... біз де көшіп келдік. Э-не, қараңызы, арбаға бәрін тиеп әкелдік.

Тұс-тұстан үстіне кеп құлаған кішкентайлар әжелерін аймалап, тұруға мұрша берсейши.

— Құлындарым! Боталарым! — Торғын немерелерін кезек-кезек ыстық төсіне басып, құшырлана искеді.

Арбадан сүйретіліп зорға түскен Қамар мейірлене тіл қатты:

— Мына құшіктерің өзінді әбден сағынып қалыпты ғой. Болды енді өңкей шуылдақтар. Сендерді тапқан анау қызы — Раҳиласын да бауырына басып, бетінен сүйін да. О, несі, түге, жамыраған қозыдай...

— Өй, сендерді Қамар апаларың, алып келген бе? — деген Торғын маңайын шола жанар жүгіртті. Желкесінен асыла берген Раҳиланы құдды жылдар көрмеген жанша егіле, езіле құшақтап жібермеген. — Күнім менің, азып кеткенсің бе өзің? Сарыуайымға салына берме дегенім қайда? Өнің, боп-боз екен. Бір жерің ауыра ма?

— Жок, тәте! — деді жымыш Раҳила. — Шаршагандікі шығар. Біреуге құлме, өз басыңа келеді деуші едің. Тура соңың кебі болды. Арбаға отырғаннан басымның айналғаны бар емес пе?! Әлгі мектепте жүргендеге Дабылға қуле беруші едік қой мазақтап. «Самолет пен мәшине тұрмақ арбаға отырса болды, басы айналып құса беретін көрінеді сұп-сұр күйде...»

Менің де жүргегім поқып, ат қатты желген саңын, жер-жинаң дөңгеленіп бара жатқандай басым айнала берген соң, екі көзімді тарс жұмып алдым. Осы екі ортаға жаяу-ақ тартып кетсемші...

— Е... е.... ендігі жерде өзінді-өзің күткенің жақсы. Әйтпесе, жаман сырқатқа шалдығуың кәдік. О заманда, бұз заманда арбаға мінген адамыңың басы айналушы ма, еді! Қүлетеңі жоқ...

— Шешең дұрыс айтады. Кімнің байы өлмей жатыр дейсің. Бәрінен бұрын алтын асықтағы күшіктеріңдің ертеңін ойлаған жән. Былғы жазда осы жерде, өзіңің кіндік қаның тамған ата-жүртінда шешенің жаңында өткізіп көргейсің. Туған ауылыңың ауасы да шипа болар. Сауып отырған екі сиырың мен ұсақ малыңды біздің шал бірдене ғып жеткізіп берер. Мына кең жерде емін-еркін бүйір шығып...

Қамар кемпірде ұрымтал тұста көптен мазалап жүрген ішкі ойын ақтарып салды. Раҳиланың жарапы жүреп сыздатпай пікірін әп-әдемі жеткізген.

— Қамар апамдік дұрыс, — деді Раҳила. — Тәтемнің қасында боламыз.

— Саят қайда жүр? — деді бағанадан бері тағатсызданған Жемісбек үлкендердің әңгімесін беліп.

Бұлдіршіндердің көгершін көнілі, құяса құлқісі жүртта мұлгіген жалғыз үйдің сонау бір кездегі дұманың қайта оятқандай. Құбылып әсем де, сиқырлы сазына салған ақ тاماқ қарлығаштардың қатары да көбейіп құлазыған ауыл аспанын ажарлай түскен. Жерошақтан будақ-будақ көтерілген түтін исі де сезім қытықтағандай. Тіршіліктің, қам-қарекеттің белгісіндегі бір шөкім бұлтызыз зенгір көкке тарап жатыр. «Туған үйдің түтін де ыстық» дегенді апам бекер айтпайды екен-ау. Саяттың бұл ойын Жемісбек бұзып жіберді:

— Мен сенің қасында ұш-төрт күн болам. Сосын балық аулауга, теңізге шығамын, — деді ол үлкендерше. — Сегізіншіден кейін оқымаимын. Үйге кемектесем. Тенізбай ағамның бригадасына қосылып, жаз бойы Жыңғылдықайырда жатып балық аулаимын. Шешеме де қын бол жүр.

— Раҳила көкем біле ме, — деді Саят мұнча. — Бізге көнілсіз болады екен.

— Несіне көнілсіз. Қанатбек, Рақым үшеуің «Инженер көлінен» кішігірім шабақ ауламайсыңдар ма? «Уралым» жөнделсе ауылға келген саңын зырылдатып кеп тұрам ғой...

— Давай, ендеше «Инженер көніліне» бүгін барып келейікші.

— Жарайды. Тәтемдерге айтпайды қояйык...

(Жалғасы бар).